

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ





Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті экологиялық мәдениетті дамыту, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, тарихи-мәдени мұраны сақтау және аумақтардың тұрақты дамуына бағытталған ғылыми зерттеулер жүргізу арқылы БҰҰ-ның №11 Тұрақты даму мақсаты — «Тұрақты қалалар мен елді мекендер» мақсатына қол жеткізуге өз үлесін қосуда.





Бұл Атырау университеті үшін нені білдіреді?



Университет қалалар мен елді мекендердің тұрақты дамуын экологиялық жауапкершіліктің, тарихи жадыны сақтаудың және жайлы қоғамдық ортаны қалыптастырудың үйлесімі ретінде қарастырады.

Жастардың экологиялық санасын дамытуға, мәдени мұраны сақтауға, сондай-ақ өңірдің тұрақты дамуына ықпал ететін бастамаларды қолдауға ерекше көңіл бөлінеді.



Аумақтардың тұрақты дамуын зерттеу

Университеттің ғылыми қызметі қалалардың, табиғи аумақтар мен инфрақұрылымның тұрақты дамуы мәселелерін қамтиды. Ғылыми зерттеулердің қатарында:

- «An evaluation for sustainable urban planning of Qonayev City in Kazakhstan through residents' perception» — Қонаев қаласын тұрғындардың көзқарасы негізінде тұрақты қалалық жоспарлау мәселелеріне арналған зерттеу;
- «Hydrochemical Analysis of Salt Lakes in the Caspian Lowland of the Mangistau Region of the Republic of Kazakhstan» — Қазақстан Республикасының Маңғыстау облысындағы Каспий маңы ойпатының тұзды көлдерінің гидрохимиялық жағдайын және табиғи су нысандарының экологиялық жай-күйін зерттеуге бағытталған;
- «Қазақстан Республикасының тұрғын үй шаруашылығын энергиямен қамтамасыз етуді талдау» — тұрақты инфрақұрылым мен энергия тиімділігі мәселелеріне арналған зерттеу.

Аталған зерттеулердің нәтижелері тұрақты қалалық және өңірлік жүйелерді қалыптастырудың ғылыми тәсілдерін дамытуға ықпал етеді.





Мәдени және тарихи мұраны сақтау



Университет қызметінің маңызды бағыттарының бірі — Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын сақтау және насихаттау.

Атырау университетінің ғалымдары тарих, мәдениет және ұлттық бірегейлік мәселелеріне арналған «Алтын Орда – дала өркениетінің үлгісі» халықаралық симпозиумына қатысты. Іс-шара аясында тарихи жадыны сақтауға және дала өркениетінің мұрасын кеңінен насихаттауға бағытталған зерттеулер ұсынылды. Университет ортағасырлық Сарайшық қалашығын зерттеу мен сақтауға да елеулі үлес қосуда. Университет өкілдері ғылыми зерттеулерге, археологиялық жұмыстарға және Сарайшық мұрасын насихаттауға бағытталған іс-шараларға қатысты. Тарихи нысандарды цифрландыруға, музей экспонаттарына QR-кодтарды енгізуге және өңірдің археологиялық мұрасын сақтауға ерекше көңіл бөлінеді.

Тарихи жадыны сақтауға қосылған тағы бір үлес — Батыс Қазақстанның әскери тарихына арналған ғылыми еңбектердің таныстырылымы және тарихи мұраны өнер мен білім арқылы насихаттауға бағытталған «Сарайшық – бабалар мұрасы» жобасының жүзеге асырылуы.





Ұлттық мәдениет және қоғамдық бірегейлік

Университет ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтауға бағытталған жобаларды белсенді түрде қолдайды.

Ұлттық киім күні аясында студенттер мен оқытушылар қазақ халқының мәдени мұрасын насихаттауға бағытталған ауқымды шеруге қатысты.

Science Café форматында жастарды тәрбиелеудегі және ұлттық бірегейлікті сақтаудағы дәстүрлі ойындардың рөлі талқыланды. Қатысушылар ұлттық ойындардың мәдени өзіндік сананы дамытудағы және қоғамдық құндылықтарды қалыптастырудағы маңызын қарастырды.

Сондай-ақ «Құмаршық – тіршілік көзі» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылып, онда құмаршықтың тарихи маңызы және әлеуметтік-экономикалық қиындықтар кезеңіндегі қазақ халқының өміріндегі рөлі талқыланды.



ТДМ-ҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДЕГІ БОЛАШАҚ ҚАДАМДАР

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті тұрақты қалалық ортаны дамытуға, мәдени мұраны сақтауға және қоғамның экологиялық мәдениетін арттыруға бағытталған бастамаларды жүзеге асыруды жалғастырады.

Дамудың басым бағыттары:

- университет пен қала аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша экологиялық бастамаларды кеңейту;
- экологиялық тұрақты кампус тұжырымдамасын дамыту;
- аумақтардың тұрақты дамуы мен қалалық инфрақұрылым саласындағы ғылыми зерттеулерді қолдау;
- Сарайшықтың және өңірдегі басқа да тарихи-мәдени ескерткіштердің мұрасын сақтау және насихаттау жобаларына одан әрі қатысу;
- мәдени мұра нысандарын сақтау және насихаттау үшін цифрлық технологияларды дамыту;
- студенттердің қалалық ортаны дамытуға бағытталған волонтерлік және қоғамдық бастамаларға қатысуын кеңейту;
- Қазақстандағы және шетелдегі музейлермен, тарихи-мәдени ұйымдармен және ғылыми орталықтармен ынтымақтастықты нығайту.

Осы бағыттарды іске асыру университеттің тұрақты қалалар мен елді мекендерді дамытуға, мәдени мұраны сақтауға, сондай-ақ БҰҰ-ның №11 Тұрақты даму мақсаты — «Тұрақты қалалар мен елді мекендер» мақсатына қол жеткізуге қосатын үлесін арттыруға мүмкіндік береді.

